

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қушiн жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № 54 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 сәуірде № 9-20-191 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 4-19/1435 хаты)

Ескерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2011.12.30 № 4-19/1435 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19-бабының 3-тармағына, 23-бабына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес, Федоров ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Шақыруды кейінге калдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарын, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылсын және қамтамасыз

е т і л с і н .

2. Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Федоров аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) "Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) шақыру іс-шараларын жүргізу ұсынылсын.

3. Селолық округтер мен Федоров селосының әкімдері шақырылушыларды шақыру учаскесіне уақытында келуін ұйымдастырсын.

4. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Қостанай облысының Ішкі істер департаменті Федоров аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша):

1) әскери қызметті өткеруден жалтарып жүрген тұлғаларды жеткізуін қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыруды өткізу және шақырылушыларды жөнелту кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтауға қолдау көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

5. "Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2011 жылға арналған аудан бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

6. "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне, әкімдіктің осы қаулысын орындау жөнінде атқарылған жұмыс туралы ақпаратты Федоров ауданының әкіміне 2011 жылдың 1 шілдесіне және 2012 жылдың 1 қаңтарына беру ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ. Өтегеновке жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Ф е д о р о в

ауданының әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қостанай облысының Ішкі
істер департаменті
Федоров аудандық ішкі

істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Е. Файзуллин

"Қостанай облысы Федоров
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Е. Тортаев

"Қостанай облысы
әкімдігінің денсаулық
сақтау басқармасы
Федоров аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорынының бас дәрігері

_____ В. Финк

"Федоров ауданының
экономика және қаржы
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ В. Гринак